

исследователей под редакцией Тернового И.К. выпустил в 2012-2013 годах двухтомное издание «Кустанай–Костанай: очерки истории».

Кроме того, преподавателями кафедр института проводятся регулярные консультации научных проектов школьников по краеведческой тематике, открытые беседы со школьниками по теме «Мой Костанай». В этой работе активно задействованы и студенты факультета. В течение нескольких лет под руководством преподавателей кафедры (Духин Я.К., Самаркин С.В., Ярочкина Е.В.) на кафедре всемирной истории и общественных дисциплин действует исследовательская группа по изучению проблем региональной истории и краеведения. Результатом ее деятельности стал выпуск целого ряда совместных статей преподавателей и студентов по краеведческой тематике, а также активное взаимодействие с Государственным архивом Костанайской области, Костанайской областной научной универсальной библиотекой имени Л.Н. Толстого.

Одним из важнейших направлений в стимулировании краеведческих исследований является взаимодействие вуза и кафедр с сельскими школами. Приведем пример. 5 апреля 2014 года в Александровской СШ Костанайского района усилиями преподавателей кафедры всемирной истории и общественных дисциплин (зав. кафедрой Самаркин С.В., профессор Духин Я.К., доцент Ярочкина Е.В.) был проведен открытый научно-методический семинар по краеведческой тематике. В мероприятии приняли участие учителя и школьники Александровской, Борисо-Романовской, Давыденовской и Жуковской общеобразовательных школ. В ходе мероприятия были подготовлены рекомендации, принято решение о дальнейшем сотрудничестве в реализации краеведческой тематики. Профессор Духин Я.К. подарил школе воспоминания местного старожилы Я.Н. Вострикова, которые заняли центральное место в возрождающемся краеведческом музее.

Модернизация образовательной системы Казахстана в перспективе позволит создать новую модель функциональной подготовки специалистов, в том числе в патриотическом и общественно-политическом плане. Изучение тематики региональной истории и краеведения занимает в этом процессе одно из важнейших мест.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ІСІ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Сейсембай Т.Т., Бұхарбаева Г.Ж.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамзат құндылығы негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қаралады /1/. ЖОО-дағы тәрбие ісінің тұжырымдамасында тәрбиелеу білім берудегі бірінші дәрежелі басымдық ретінде айқындалады, ал азаматтық жауаптылықты, құқықтық сана-сезімді, руханилық пен мәдениетті, бастамашылықты, дербестікті, тағаттылықты, қоғамдағы табысты түрде әлеуметтендіруге қабілеттілікті қалыптастыру маңызды міндеттер ретінде қаралады /2/. ЖОО шеңберінде тәрбиелеу жұмысының негізгі міндеті – тіршілік етудің негізгі: танымдық, кәсіптік, отбасылық, рухани-мәдени, қоғамдық-саяси салаларда өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, біліктілігі жоғары маманды даярлау; ЖОО-ның тәрбие кеңістігінде студенттерді тікелей ынталандыру кезінде басқарушылық ықпалмен тәрбие жұмысының барынша жоғары нәтижесіне қол жеткізілетін осындай жүйені құру және қолдау. Осыған байланысты білім алушылардың тұлғалық-кәсіптік қалыптасу проблемасы өзекті болып табылады. Бұл тұрғыда жүйелілік, практикалық-бағдарлық, ғылыми негізділік, болжамдық тәсіл қағидаттары негізінде әзірленетін тәрбиенің мазмұны мен ұйымдық нысандарын жаңарту аса мәнге ие болады. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының

негізгі қағидаттарының бірі студенттің өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға және жастарды әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін «кұрдас-кұрдасқа» немесе «тең адам тең адамға» деген қағидат болып табылады. Студенттің жеке басының мүдделері мен қажеттіліктерін бақылау ЖОО-ның тәрбие процесінің негізін құрайды. Студенттің өзін-өзі басқару нысандарын дамыту ЖОО-дағы тәрбие жұмысының жүйесін құрудың басым міндеттерінің бірі болып табылады. Студенттің өзін-өзі басқару нысандарын дамыту Қазақстанның Болон процесіне қосылуымен байланысты өзекті сипат алады, ал студенттік өзін-өзі ұйымдастырудың осы түрінің болуы оның негізгі талаптарының бірі болып табылады. Қазақстандық қоғамға, жұмыс берушілерге бүгінгі таңда белсенді өмірлік ұстанымы, көшбасшылық қасиетті бар, икемді танымға ие, халықаралық ынтымақтастыққа дайын құзыретті, иманды, іскер жас адамдар қажет./3/ Осыған байланысты қазақстандық отаншылдықтың, жоғары білімі бар қазіргі заманғы қазақстандық маманның маңызды компонентінің проблемалары да өзекті сипат алады. Кез келген ЖОО уақыт талабымен алға қойылған міндеттерді жеке басты дамытудың мазмұнын, әдістері мен нысандарын жаңарту, оқу орнының нақты жағдайлары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие жұмысының жүйесін жаңғырту арқылы шешуде өз жолын іздестіруі тиіс. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларының 69-тармағына сәйкес: «ЖОО тәрбие ісі оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және ол жеке адамның кәсіптік, әлеуметтік, зияткерлік, адамгершілік, шығармашылық қасиеттері мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. ЖОО тәрбие ісі тәрбие жұмысы жөніндегі кешенді жоспар негізінде жүзеге асырылады.

ЖОО тәрбие жұмысы:

1) білім алушылардың шешімдерді дербес әрі құзыретті түрде қабылдап, іске асыруын қалыптастыруды;

2) білім алушылардың патриоттық, азаматтылық сезімін, интернационализм, жоғары мораль мен адамгершілікті қалыптастыруды;

3) білім алушыларды салауатты өмір салтына, қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға ынталандыруды;

4) жалпы білім беретін орта мектептердің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында кәсіптік бағдарланған жұмысты жүргізуді қамтиды» /4/. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың білімді, иманды, алғыр, ел тағдырына жауапкершілік сезімі бар жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған саяси бағыты мынадай стратегиялық құжаттарда – Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында, Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында, ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында және т.б. көрініс табады. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері тұңғыш рет жеке бөліммен бөліп көрсетіледі, жастар саясаты саласындағы нақты индикаторлар мен көрсеткіштердің негізі жасалады. Оның маңызды міндеттерінің бірі өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сонымен қатар жоғары азаматтық және адамгершілік қағидаттарға, патриоттық сезімге және әлеуметтік жауапкершілікке ие зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады. Бағдарламада патриоттық тәрбиелеу және азаматтық белсенділікті, әлеуметтік жауапкершілікті және жастар әлеуетін ашу тетігін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру көзделген. Жастардың жалпы санынан 2020 жылға дейін жастардың 55%-ын жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға тарту жоспарланып отыр /5/. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдас бөлігін күшейту жөніндегі үлгі кешенді жоспар әзірледі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстанның ЖОО-дағы тәрбие процесі мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу нәтижелері бойынша бағаланатын болады:

1. Білім беру ұйымдарының тәрбиелеу қызметінің сапасы мен нәтижелілігін және білім алу-шылардың тәрбиелік деңгейін бағалау өлшемдерін әзірлеу;

2. ЖОО-дағы тәрбие жұмысын ақпараттық-талдамалық және әдістемелік қамтамасыз ету;

3. Еріктілік, әскери-патриоттық ұйымдар, әскери-спорттық, әскери-іздістіру және спорттық-техникалық клубтар желісін қалыптастыру арқылы студент жастарды әскери-патриоттық тәрбилеуді дамыту /6/. Жоғары білім беру жүйесі бүгінгі таңда жоғары білімді, ой-өрісі кең, мәдениетті және шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін мамандар даярлауға бағытталған бірыңғай үдеріс ретінде берілетін тұлғаны әлеуметтендіретін маңызды институт ретінде қарастырылады. Студенттік шақта жастар мәдени құндылықтарға неғұрлым белсенді араласады, қоғамдық-саяси қызмет дағдыларын игереді, байланыс аясы жіті кеңейіп отырады. Оған шығармашылық, бастамашылық және өз бетінше білім алудың тиімді нысандары мен әдістерін ізтестірудегі өзіндік әрекеттері бар жоғары мектептің ерекше тәртібі ықпал етеді. Көптеген ЖОО-дары соңғы жылдары студенттермен жұмыс істеуде тәрбие жұмысын ұйымдастыруда айтарлықтай ілгері басып келеді.

Жоғары білім беру жүйесіндегі тәрбие процесінің негізгі міндеттері:

– студенттердің әлеуметтенуіне ықпал ету, қоғамдық қызметке тарту;

– ел азаматы деген азаматтық ұстанымы бар, Қазақстанның болашағына жауапты жеке, өз бетінше шешім қабылдай білетін тұлғаны қалыптастыру;

– тұлғаның құзыреттілігін арттыру, кәсіби тұруын және өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасау, үздіксіз білім алу сұранысын қалыптастыру;

– салауатты өмір салтының құндылықтарына, өзінің рухани байлығына, интеллектуалдық өміріне, өзінің денсаулығы мен амандығына жауапты тұлғаны қалыптастыру;

– студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға жәрдем көрсету;

– этникааралық және әлеуметаралық қатынастар, тұлғааралық қатынастарда консенсусты құндылықтарды, әріптес диалогін жүргізе білуді қалыптастыру;

– тәрбие процесіне білім беру ұйымдарындағы студенттер контингентін, ұйымдастырушылық, кадрлық, экономикалық және басқа да ресурстарын тарту.

Тәрбие процесінің объектілері – студенттер, субъектілері – жетекшілер, ұйымдастырушылар, үйлестірушілер және осы процесті орындаушылар. Студенттер сонымен бір мезгілде тәрбие процесінің субъектілері де бола алады. Тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының құрылымы құрылды және жұмыс істеп жатыр, оның субъектілері бұны іске асыруға жауапты. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие процесін басқару жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын құрылымды білдіреді, мұның қызметіне жоғары оқу орындарының басшылығы ғана емес, оқытушылар да, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары да қатысады. Әрбір жоғары оқу орындарында оның құрылымдық элементтері әртүрлі аталуы мүмкін.

Жоғары оқу орны деңгейінде тәрбие процесін қалыптастырудағы жетекші рөл ректоратқа жүктеледі: жоғары оқу орнының ректорына және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорына. Жоғары оқу орындарында тәрбие процесінде үйлестіруші рөлді жүзеге асыратын, жоғары оқу орындары әкімшілігінің құрылымы болып табылатын, бөлімдері бар департаменттер құрылған. Әрбір оқу мекемесінде олардың өз атаулары болады./7/ Олардың міндеті – жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру. Бұл жұмыс алдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Жоспарда кураторлардың, студенттердің тәрбие жұмыстарын, жатақханалар жұмыстарын үйлестіру мен топтастыру көзделеді. Факультет деңгейінде студенттермен тәрбие жұмысын қамтамасыз ету факультет кеңесінде бекітілетін факультеттің тәрбие жұмысының жоспары негізінде жүргізіледі. Бұл жұмысты үйлестіруді декан жүзеге асырады және бұл қызметті ұйымдастыру үшін факультетте профессорлар-оқытушылар құрамы арасынан деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары тағайындалады. Оның функционалдық міндеттері мен қызметінің негізгі бағыттары лауазымдық нұсқаулықта бекітіледі. Факультеттер деңгейінде тәрбие жұмысына сту-

денттік өзін-өзі басқару органдары қатысады: студенттер кеңесі, жатақхананың студенттер кеңесі, студенттік еңбек жасағының штабы, жатақханалардың студенттер кеңестері. Кафедра деңгейінде академиялық топтардың студенттерімен тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін факультет деканы кафедра меңгерушісінің ұсынымы бойынша тәрбие жұмысына жауапты адамды – кураторды тағайындайды. Жоғары оқу орындарының әкімшілігі деңгейінде жоғары оқу орындары тәрбие жұмысы құрылымының (департаменттердің, басқармалардың т.б.) құрамында тәрбие жұмысына студенттік өзін-өзі басқару органдары – Жастар істері жөніндегі комитет, Жастар саясаты орталығы т.б. қатысады, олар студенттер ұйымдарының: студенттер кеңесі басқармасының, топбасылардың, студенттердің кәсіподақ комитеттерінің, үйірмелердің, секциялардың және студенттердің түрлі бағыттағы ұйымдарының, жатақхана-ның студенттер кеңесінің, студенттік еңбек жасағы штабының, т.б. жұмысын үйлестіреді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаев ел алдында әлеуметтік жаңғырту, үдемелі инновациялық индустрияландыру және экономикалық ықпалдасу жөніндегі жаңа ауқымды міндеттерді алға қойды. Бұл жағдайда ұлттық бәсекеге қабілеттілікті одан әрі көтеретін, ХХІ ғасырда Қазақстанның гүлденуін және дамуын қамтамасыз ететін жастарға үлкен жауаптылық жүктеледі. Мұндай мақсатты тек білімді, кәсіби, дені сау және иманды әрі әлеуметтік жауапты жастар ғана еңсере алады. Бірінші кезекте бұл талапқа студент жастар сай келуге тиіс – шығармашыл, өзінің білімі мен танымын ұдайы кеңейтіп отыратын, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және бәсекеге қабілеттілік артықшылығын іске асыратын жеке адам. Қоғамның әлеуметтік құрылымында студенттік ерекше жағдайға ие. Студент жастар жеке бастылық және кәсіптік өзін-өзі тану ұмтылудың жоғары деңгейімен, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге практикалық қатысуға белсенді қызығушылығымен, елдің қоғамдық өмірінің алуан тұстарына жеке көзқарасымен ерекшеленеді. Студенттік қазақстандық жастардың басым бөлігін білдіреді және таяу келешекте Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын айқындайтын күш ретінде әрекет ететініне сеніммен қарауға болады. /8/ Тәрбие жұмысының жүйесі студентті шығармашыл, жан-жақты дамыған жеке тұлға, белсенді өмірлік ұстанымы бар азамат және қазіргі заманғы кәсіптенген маман ретінде қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Бүгінгі таңда ЖОО-ның студенттерін тәрбиелеу жұмысына ерекше назар аударылады. Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері алғаш рет жеке бөлімде бөліп көрсетіледі, жастар саясаты саласында нақты индикаторлар мен көрсеткіштер белгіленеді, сондықтан студенттермен тәрбие жұмысы уақыт талабына сай болуға тиіс /9/. ЖОО-ның студенттерімен тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар бекітілді /10/. Бұл стратегиялық құжаттың мақсаты жеке адамды Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде рухани-адамгершілік тұрғысынан қалыптастыруға мән бере отырып, барлық оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орындары қызметінің үлгілік қағидаларында ЖОО-ның тәрбие ісі оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және тұлғаның кәсіби, әлеу-меттік, зияткерлік, адамгершілік, шығармашылық қасиеттері мен салауатты өмір салтын қалыптасты-руға бағытталған» деп атап көрсетілген /11/. 42 Қазіргі заманғы қазақстандық Жоо-ның тәрбие жұмысында түрлі әдістер, құралдар, тәсілдер мен нысандар пайдаланылады. Қазіргі заманғы ғылымда тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің тәрбиелеу міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты қызметінің тәсілдері тәрбиелеу әдістерін білдіреді /12:576/.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының (бұдан әрі – ҚМПИ) тәжірибесін назарға алайық, онда студенттік өзін-өзі басқару қызметін жандандыру тәрбие жұмысының басым міндеті болып табылады: кәсіподақ комитеттері, жастар істері жөніндегі комитеттер, клубтар, студенттер бірлестіктері, жұмыспен қамту қызметтері, студенттік құрылыс жасақта-

ры, «Жасыл ел» жасағы, құқықтық тәртіп қызметі және басқалары. Студенттік өзін-өзі басқару институтының белгіленген тәртіппен бекітілген ереже негізінде әрекет ететін мынадай құрылымдары бар:

ҚМПИ Жастар ісі жөніндегі комитетінің құрылымы.

Жастар ісі жөніндегі комитет институттың мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы негізгі құрылымы болып табылады. Жастар ісі жөніндегі комитеттің басшылығымен институт ішінде келесі қозғалыстар мен клубтар жұмыс істеуде:

- Студенттік кәсіподақ ұйымы.
- Қазақстан студенттер Альянсы.
- «Парасат» пікір-сайыс клубы.
- ҚМПИ студенттер театры.
- «Стиль-НА!», «Бауырсақтар» ҚМПИ КВН топтары.
- Студенттік жастар «Жасыл Ел» және еңбек отрядтары.
- Студенттік жатақхана кеңесі.
- Баспасөз орталығы.
- тұрақты жұмыс істейтін студенттердің шығармашылық ұйымдары (ғылыми, көркем (театр, вокальдық және би топтары).

Жастар ісі жөніндегі комитет студенттердің саяси және мәдени көзқарастарының қалыптасуына әсер етіп, олардың бойларында тұлғаның эстетикалық және моральдық қасиеттерін орнықтырады /13/.

Индустриялық-инновациялық даму жолымен келе жатқан заманауи Қазақстанда жаңа ұрпақты қалыптастыруға әлеуметтік тапсырыс анық айқындалды. Бұл ұрпақ әлеуметтену процесінде азаматтылық, бәсекеге қабілеттілік, бастамашылдық және өзін-өзі дамытуға деген қабілет сияқты әлеуметтік қасиеттерге ие болуға тиіс.

Нақты әлеуметтік практикаға айнала отырып, студенттік өзін-өзі басқару, қазақстандық жастардың ең белсенді бөлігі қоғамдық, әлеуметтік-бағдарланған мына: жоспарлау, ресурстарды жұмылдыру, алға қойылған мақсаттарға жету басқару сияқты машықтарға ие болатындай жағдайлар жасайды. Осы қызмет процесінде меншікті топтық, сондай-ақ қоғамдық мүдделерді ұғыну және әлеуметтік әріптес мәртебесін өзекті ету жүргізіледі. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының шетелдік тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ бірқатар қазақстандық ЖОО-дың тәрбиелеу процесіндегі тәжірибені талдау негізінде жоғары мектептегі тәрбие жұмысының тиімді құралы студенттің жеке тұлғасының уәждемелік құрылымын қалыптастыру болып табылады деген тұжырым жасауға болады.

Осылайша, уәждеме тәрбиелеу процесінде адам-ды басқару негізін құрайды. Әрбір қазақстандық жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмысы әзірленген стратегиялық жоспарларға, тәрбие жұмысының тұжырымдамаларына сәйкес жүргізілетініне қарамастан, қазіргі заманғы трендтерді ескере отырып, аталған жұмыстың көбінесе көпшілікке жариялануы сипаты бар, бүкіл тәрбие жұмысының ғылыми және идеологиялық тұғырнамасы жоқ екендігін мойындау қажет.

Өкінішке орай, өткізілетін іс-шаралар кездейсоқ сипатта және жастар үшін әлеуметтік пайдасы жоқ. Бұл Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап өтілгендей, «жастар арасындағы тәрбие жұмысын үйлестірудің орталықтандырылған жүйесі жоқты-ғының» салдары болуы мүмкін. ЖОО-лар қызметіне студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының сапасы тұрғысында мониторинг ұйымдастыру маңызды деп санаймыз.

Қазақстан ЖОО-дағы тәрбие жұмысының тәсілдері мен қағидаттары белгілі бір пысықтауды қажет етеді, ал ЖОО-дың тәрбиелеу қызметін зерделеудің барлық бағыттарындағы ғылыми зерттеулер әдіснамасы жетілдірілуге тиіс.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (04.07.2013 3.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) <http://www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html>

2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 16 қарадағы №521 бұйрығымен бекітілген <http://5s.ucos.ru/publ/2-1-0-13>

3 ЮНЕСКО статистикалық деректер қоры. <http://stats.uis.unesco.org/>

4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31397997

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://ru.government.kz/resources/docs/doc18>

6 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000130>

7 Вербовский Н.Ю. Российско-казахстанский опыт развития студенческого самоуправления в высших учебных заведениях/ / Лидерство и инновации в XXI веке: взгляд в будущее: материалы молодежного международного форума Россия-Казахстан. – Екатеринбург: Изд-во Уральского гос.эконом.ун-та, 2013. – С. 247.

8 Педагогика и психология высшей школы: оқу-құрал. – Ростов н/Д: Феникс, 2002.– 345 б.

9 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://ru.government.kz/resources/docs/doc18>

10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000873>

11 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31397710

12 Слостенин В.А. және басқалары. Педагогика: жоғары пед. оқу орындары студенттеріне арналған оқу құрал /В.А. Слостенин редакциясымен. – М.: «Академия» баспа орталығы 2002. – 576 б.

13 <http://st.kspi.kz/docs> – ҚМПИ Жастар ісі жөніндегі комитетінің құрылымы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ

Толегенов Т.,

БІ. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.

Қашанда салауатты өмір салты туралы сөз болса, негізінен спорт және дене шынықтыру бірінші болып ауызға ілінеді. Бұл заңды құбылыс та. Себебі, дене шынықтыру немесе арнайы спорт түрімен ұдайы шұғылданушының сыртқы пішінінің өзі салауаттылық эталоны ретінде қабылданып жүр. Салауаттылық негіздерінің мектеп жасында қалыптасатындығын ескерсек және орта білім беру мекемесінде салауатты өмір салтын насихаттап, балалардың жан-жақты өсіп жетілуіне жағдай туғызып, қамқорлық жасау отбасы мен мектеп педагогикалық ұжымына міндеттелгенмен, басты орын дене тәрбиесі мұғаліміне берілетіндігі даусыз. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық серпіліс жағдайындағы құзырлығы жоғары, денсаулығы мықты өскелең ұрпақ тәрбиелеп шығару білім мекемелерінде жаңа тұрпаттағы ұстазды, соның ішінде дене тәрбиесі пәні мұғалімін қажет етеді. Басқаша айтсақ, қазіргі білім кеңістігіндегі ұстаз дене тәрбиесінің базалық мазмұнын сапа тұрғысынан жаңартуға көңіл бөліп, сабақ берудің оқытушылық, себеп салдарлық, және әлеуметтік негіздерін нығайтуды, нәтижеге бағытталған оқу үрдісін қалыптастыруды көздейтін шығармашыл педагог болуы керек.

Қоғам талабы мен әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру үшін жанашыл ұстаздарға білім мазмұны мен оқыту мазмұнын жаңартып, білім беру процесін соны ой-әрекеттермен толықтыру мүмкіндігі берілген. Сондай іс-әрекеттің бірі – дене тәрбиесі пәні білім мазмұнын